

ӘОЖ 378.147:811.581

**ҚЫТАЙ ТІЛІН ҮЙРЕНУ БАРЫСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ
ПАЙДАЛАНУ**

Ахметбек Мадина

madina.akhmetbek29@gmail.com

Қазақстан, Нұр-Сұлтан, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Филология факультетінің қытай тілі филологиясы кафедрасының
қытай тілі оқытушысы

Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. Өзге тілді үйрену, оны жетік меңгеру – бұл ең алдымен халықаралық қатынастар кезінде айрықша рөл атқаратыны баршамызға аян. Жаһандану үрдісі халықтар мен этникалық топтардың арасындағы мәдени, саяси, тіл байланыстарын дамытуға өз әсерін тигізуде. Бүгінгі өмір талабы әр түрлі халықтар мен мәдениеттің араласу және өзара түсінісу мәселесін барынша жоғары деңгейде қарауды талап етіп отыр. Елбасымыздың міндет етіп қойған бәсекеге қабілетті мемлекет құруда жас ұрпақтың тигізер үлесі өте зор. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында шет тілін кәсіби деңгейде оқыту басты орында тұр. Еліміз жылдар

бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, шығыс тілдері де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте шығыс тілдерінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды.

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы ежелгі көрші ел. Яғни қазақ халқы мен қытай халқының бір-біріне ықпалдастығы өте ертеден қалыптасқан. Сонау үйсін мемлекетінің тұсынан бастап, бүгінге дейін бұл екі ел арасындағы байланыс еш үзілген емес, мұның дәлелі бес мың жылдық жазба тарихы бар қытай жазбаларында жазылған. Салғараулы құрастырған 100 құжат зерттеу, құжаттарына үңілсек қытай архивтерінде әлі қыртысы жазылмай жатқан қазақ тарихы көп екенін көре аламыз. Сондықтан да біздің бүгінгі өскелең ұрпақ ата-бабамыздың басып өткен жолын біліп, бағасына жетіп, даңқын асқақтату үшін сол тарихымыз жазылып қалған елдің тілін біліп, жазуын меңгеру өте қажет болып отыр. Осы орайда жоғары оқу орындарында қытай тіліне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс - тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынып жатыр. Қытай тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан қытай тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: қытай тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Студентті ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн? Тілдік құбылысты оқыту үдерісінде технологиялық жаңалықтарды пайдаланудың мәні өте зор. Оқыту тілі өзге тілде жүргізілетін жоғарғы оқу орындарында тіл үйрету туралы жазылған әдістемелік және ғылыми материалдарды зерделей келе, ақпараттық технологияларды пайдалану туралы мәселеге тоқталуды жөн деп санап, осы тақырыпта жинақтаған іс-тәжірибемді ортаға салмақпын.

Қытай тілін үйрету әдіс-тәсілдерін қарастырмас бұрын, әдістеме ғылымына қысқаша тоқталып кетуді жөн көрдік.

Әдістеме – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. Тұтасынан алғандағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту процесінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар.

«Әдіс» грек тілінен алғанда зерттеу, таным жолы дегенді білдіреді. Педагогикалық энциклопедияда «Оқыту әдістері – мұғалім мен оқушылар жұмысының тәсілдерінің көмегімен білімді, іскерлікті және дағдыны игереді, оның нәтижесінде оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, қабілеттері дамиды Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық - технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», - деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді. Қытай тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан - жақты қолдану, оқытушының көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Қытай тілі сабақтарында өзім қолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсам:

Лексиканы меңгерту.

Лексиканы меңгерту үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Нақты мағыналы сөздерді суреттер, зат, макет арқылы түсіндірген жөн. Абстрактілі мағыналы сөзді түсіндіру

үшін аударманы қолдану және тіл көрнекілігі арқылы түсіндіру қажет. Ал тіл көрнекілігі дегеніміз – сөздің мағынасын контекст арқылы, синонимдер мен антонимдер, сөздің құрамдас бөліктерін талдау арқылы түсіндіру.

Сөздің мағынасын түсіндіру үшін қолданылатын контекстке мынадай талаптар қолданылады. Контексттерге грамматикалық құрылым, ондағы жаңа сөзбен басқа сөздердің барлығы студенттерге бұрыннан таныс болуы қажет. Сонда оқушының назары жаңа сөзге аударылады. Тіл көрнекілігінің тиімділігі сөздердің мағынасын сабақта тек қытай тілінде түсіндіріледі де жаңа сөзбен оның мағынасы арасында байланыс жасалады. Сөйтіп сабақта қытай тілі атмосферасы жасалады. Бірақ бұл тәсілдің кемшілігі – студенттер жаңа сөздің мағынасы ана тілінде оған балама тапқандай түсінеді, яғни оны бәрібір ана тілінде аударады. Енді сөйлеу жұмыстарына назар аударайық: Бұл жерде біз эвристикалық әдісті қолданамыз. Яғни, әңгіме әдісі немесе сұрақ-жауап әдісі, ол кейде эвристикалық («эврика» грек.-таптым) әдісі деп те аталады. Оқытушы сұрақ қояды, тіл үйренуші оқулықтан оқып немесе өз білгендері бойынша шет тілінде, яғни қытай тілінде жауап қайтарады. Бұл әдіс тіл үйренушіні ойландырады, өзіндік пікір айтуға итермелейді, белсенділіктерін күшейтеді, зейіндерін сабаққа аударады.

Эвристикалық әдіс кейде проблемалық әдіспен де байланысады. Әңгіме кезінде тіл үйренушінің алдына белгілі бір міндет немесе проблема қойылады. Оны студенттер өздері шешуі тиіс. Мысалы: оларға бірнеше сөйлем беріледі, соның ішінде әр-түрлі шақта тұрған сөйлемді табу керек.

Студенттердің сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Оқытушы сабаққа кіргеннен студенттермен диалогта болады. Студенттерге белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп - тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету – студенттерді қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді.

Жазуды оқыту: Егер оқытуды тұтас жүйе ретінде алып қарасақ, оның екі құрастырушысы бар: оқытушы (мұғалім) және оқушы (студент). Оқытушы оқушының оқуға деген қызығушылығын оятып, оны басқарып, бағыттап отыруы керек. Оқу - өте белсенді процесс, онда оқушы оқыту жұмыстарының бәріне қатысуы керек. Бұл екі жақты іс-әрекет: біріншісі – оқытады, екіншісі – оқиды, мұнда екі жақтың атқаратын іс- әрекетін бөлек қарауға болады.

Оқыту әдістері жайлы ғалымдарымыздың көп жылғы зерттеу тәжірибесі, айтқан пікірлері мұғалім қауымының жұмыстарына (мақсаты, жолы, міндеттері) үлгі бола бермек. Бастапқы кезеңде сананың қатысуымен орындауды қажет етіп, бірте-бірте қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматтанып кететін іс-әрекеттерді дағды деп атайды. Мысалы: жазуға алғаш үйрене бастаған тіл үйренушіде жазу дағдысы болмайды.

Материалды түсіндіруде оқытушы өтіп жатқан тақырыптың мәнді белгілерін анық, жүйелі түрде көрсетуге тырысады.

Оқытушы материалды түсіндіру ұзақтығы 3,6 минуттан артық болуы тиіс, өйткені тіл үйренушінің зейіні ауытқыш болғандықтан, олар грамматикалық тақырыпты ұзақ тыңдап отыра алмайды. Осының салдарынан бұл әдіс сирек қолданылады.

Көрсетілген әдістердің қайсысы болмасын тіл үйренушінің ақыл-ойын дамыту мақсатын көздейді. Бір жағдайда тіл үйренуші анализ жасаса, екінші жағдайда оны синтездейді.

Сонымен қатар берілген кілттердениероглиф, иероглифтерден сөйлем, сөйлемдерден мәтін құрастырып синтез жасайды. Синтез тіл үйренушінің алған білімін байланыстырып жинақтауда іске асады. Әдетте анализ немесе синтез бөлек қойылмайды.

Сараптама мен синтезде әдетте, оқылып отырып құбылыстың ұқсастығы мен ерекшелігін табу, оларды топтау, жүйелеу сияқты жұмыстардың маңызы зор. Грамматикамен

жазу сабақтарында өтіп жатқан материалға тіл үйренушінің ой жүгіртуіне, пікір айтуына қарай индуктивтік немесе дедуктивтік әдістер қолданылады.

Шет тілді оқып үйренуде де, ең алдымен, сол тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғатын танып білуден басталады. Шет тілді оқытып үйретуде ондағы дыбыстық ерекшеліктер тіл үйренушінің ана тіліндегі дыбыстармен салыстыру арқылы түсіндіріледі. Шет тілді оқытуда фонетикалық метод деп аталатын тәсіл қолданылады. Фонетикалық метод үйренушілерге шет тілдегі дыбыстар мен сөздердің және сөз тіркестерінің айтылуын үйретіп, саналы түрде меңгерту үшін, шет тілі мен ана тілінің артикуляциясын бір-бірімен салыстыра отыруды басшылыққа алады

Қазіргі заманда ғылымсыз жан - жақты дамыған өркениетті елдердің қатарына қосылу мүмкін емес. Ал жоғарғы оқу орын оқытуларының бүгінгі заманға сай берілген сабақтары осы мәселелерді шешуші күш болып отыр. Аталған мәселені өзіміздің тәжірибемізге жүгіне отырып шешкіміз келеді. Әр студенттің аз болсын, көп болсын өмірлік тәжірибесі болады. Студенттің тамырын басып, сол тәжірибелерін анықтап, өмірдегі білімдерін туған жерін сүйіп, сыйлауға баулыса, меніңше әр оқытушы іркіліп қалмайды. «Өз аулының тасын сыйламаған, өзгенің тауын да сыйламас», деп «жабылған қазанды жауып тастасақ» айналадағы әсемдікті сақтай алмаймыз. Қоршаған орта, әсемдік, туған жер туралы тек қана жағрапия сабағында емес, басқа сабақтарда да үнемі айта беру керек, тақырыпқа байланысты бір - екі сабақты табиғат аясында өткізсе тіпті тамаша болмай ма?

Қорыта айтқанда, инновациялық технологияларды сабақта қолдану – бұл оның нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден – бір жолы, ал ол өз кезегінде бірлесе жұмыс жасауға, адами қарым – қатынастарға себепкер болады. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай- ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Потапова Р.К. Новые информационные технологии и лингвистика: Учебное пособие. Изд. 2-е. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 320 с.
2. Щукин А.Н. Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам: Учебное пособие. – М.: Филоматис, 2008. – 188 с.